

**«Бестөбе №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2023-2024 ж «Оқуға құштар мектеп» жобасының
іске асырылуы**

Кітапхана туралы анықтама:

Кітапхана меңгерушісі - Кусаинова Гульназ
Папашевна, білімі - орта арнаулы, Көкшетау қ. Ақан
сері атындағы мәдениет колледжі «Кітапхана ісі»,
санаты жоғарғы. Кітапханалық еңбек өтілі – 19 жыл



Материалды-техникалық базасы :



мектеп кітапханасы I қабатта орналасқан, жалпы ауданы 60 м². 10 отырғызылатын орын бар, абонемент пен оқу залы бірлескен. «Оқуға құштар мектеп» жобаясы аясында кітапханға жаңадан жиһаз сатып алынды, дөңгелек үстел, 12 орындық, кітапханашы үстелі, каталог шкафы, интернет жүйесі тартылған, интернет жылдамдығы 12 мб/с., 1 компьютер, 1

ламинатор,

10 ноутбук, 1 МФУ мен жабдықталды, сонымен қатар ҚР Президентінің 2020-2025 жылдарына арналған «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында кітапхананың материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында ТАЧ-панель сатып алынды. Бұл оқырмандармен жұмыстың әртүрлі формаларын өткізуге мүмкіндік береді.

Кітаптар көрме сөрелерінде, оқу және көркем әдебиеттер қоры КБЖ үлгісі бойынша орналастырылған және ҚР президенті Қ.Ж.Тоқаев 2020-2025 ж «Оқу мәртебесін, оқушылардың оқу белсенділігі мен оқу сапасын арттыру бойынша **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП»** республикалық ұсынған жобасы бойынша «Оқуға құштар мектеп» бұрышы безендірілген.





«Оқуға құштар мектеп» - аймақтық жобасы аясында мектепшілік жылдық жоспары жасалып, мектеп басшысымен бекітіледі. Жоспар бойынша іс-шаралар өткізіліп, @Bestobeshkola1-Instagram, Бестөбе Бірінші Орта мектебі-Fasebook, Гульназ Кусаинова -Fasebook #Оқуғақұштармектеп хэштегімен

элеуметтік желілерге уақытында салынады.

Мектеп кітапханасы оқырмандарды кітап оқуға және кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 6 бағытта жұмыс жасайды:

1. Оқу сауаттылығын қалыптастыру және жетілдіру
2. Өзін-өзі тану тәсілі ретінде оқу
3. Заманауи отбасылық оқу дәстүрлері
4. "100 кітап" жобасы
5. Оқу уақыты: барлық пәндер арқылы
6. Мектеп кітапханаларының материалдық-техникалық базасын дамыту

Әр бағыт бойынша жауапты ұйымдастырушылар мен орындаушылар тіркелген. Оларға: кітапханашылар, сынып жетекшілері, тіл мамандары, бастауыш сынып мұғалімдері жатады, барлық жұмысты мектеп басшысы мен тәрбие ісінің меңгерушісі қадағалайды. Жобада үш тілде оқуға ұсынылатын әдебиеттер де бар. Жалпы мектеп жоспарының негізінде мектеп кітапханасына «Оқуға құштар мектеп» жоспары жасалды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жұмыстар 3 жыл қатарынан жалғасып келеді, және біздің кітапхана осы жобада белгіленген бағыттар бойынша белсенді жұмыс жасауда.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында мектеп кітапханашысы сынып жетекшілермен бірлесіп оқушылармен түрлі шаралар өткізіп тұрады және тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес келетін сынып сағаттары мен сыныптан тыс шараларды дайындауға және өткізуге атсалысады. Жалпы бүгінгі күні кітапхана қоры 21 908, оның ішінде: көркем әдебиет 11 262, қазақ тілінде – 2 708, орыс тілінде – 8 204, ағылшын тілінде - 350, оқулықтар саны – 10 646, электронды оқулықтар - 314.

2022-2024 жылдары мектеп кітапханасына келіп түскен оқулықтар, көркем әдебиет, ОӘК туралы ақпарат:

	2022 жылы	2023 жылы	2024 жылы	3 жылда
Көркем әдебиет	305	228	92	625
Сомасы:	342 605.40	725 959	305 828.70	1 374 393.10
Оқулықтар	632	180	502	1314
Сомасы:	1 354 288	435648	1 503132	3 293 068.00
Қосымша әдебиет		3		3
Сомасы:		5964		5964
Дидактикалық материалдар	94	70	74	238
Сомасы:	186 872	166 600	297 200	650 672.00
Барлығы:				

Кітапхананың негізгі көрсеткіштері: оқырмандар саны мектеп оқушы санына байланысты, бірде көбейеді, бірде азаяды, кітапханаға кіру мен кітап беру соңғы 3 жылмен салыстырғанда өсуі байқалады, өйткені бұл жерде де «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары аясында өткізіліп жатқан іс шаралардың рөлі зор, сонымен қатар осы жоба аясында кітапхана қорына түрлі-түсті балаларға арналған кітаптардың келіп түсуі.

Оқырмандар саны, келушілер, кітап беру – кітапхана жұмысының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Барлық бақылау көрсеткіштері мектеп кітапханасының стандарттарына сәйкес келеді.

Қазіргі заманға сай мектеп кітапханалары электронды кітапханаға бір қадам басты деуге болады, "MARK-SQL" бағдарламасы орнатылып оқулықтар, көркем әдебиеттер осы базаға кіргізілу жұмыстары жалғасып келеді. Бүгінгі күні 267 атауымен 7558 дана оқулықтар және 158 атауымен 3266 оқулық платформаға кіргізілді.

Қазіргі кезде оқырмандардың кітап оқуға деген сүйіспеншіліктерін арттыру үшін барлық жағдай жасалып жатыр. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 3 жыл қатарынан кітапхана қоры жаңа кітаптармен толықсып келеді. «Фолиант», «Mazmundama» кітаптары өте тартымды, оқуға өте жеңіл, мұқабасы да көз тартады, сонымен қатар «Балалар кітапханасы» бағдарламасы да 1770 кітап тізімін даярлап, болашақта әр кітапхананы қамтамасыз етеді. Кітаптар

заман талабына сай сөрелерде КБК ретімен орналастырылған, тұрақты көрмелер, ауыспалы көрмелер ұйымдастырылған, атап айтсам: «Менің өлкем Қазақстан», «Бестөбе тарихындағы атақты адамдар», «Салт-дәстүрің салтанатың», «Тарих жылнамасы», «Бұлақ көрсең көзің аш», «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», «Табиғат -сұлулық қайнары», «Ертегілер не деген ғаламат», «Өнер әлемі», «Энциклопедиялар», «Абай мұрасы», «Абай – кеменгер ақын», «Жаңа кітаптар», «Елбасы жолдауы-халықтың қолдауы», «Поэзия саңлақтары» үнемі көрме жаңартылған сайын шолу жасалады. Бай кітапханамыздың қорында аудио кітаптарымыз да бар: мектепалды даярлық сыныбына өте ыңғайлы аудио-ертегілер, ақындардың өз дауыстарымен оқыған поэзия жинақтары, 8 аудио кітаптан тұратын «Абай жолы» эпопеясы, 3 дискіден тұратын Құрманғазының күйлер жинағы да өте құнды кітапханның мұрасы, энциклопедиялық «Қазақстанның мәдени мұрасы» 10 мультимедия дискілер жинағы тұрады, 10 томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы біздің кітапханамыздың ең бағалы қазынасы. Мерзімді басылымдардың 75% оқушыларға арналған: 8 газет, 12 журналдар атауымен келетін газет-журналдарымен таныстыру, оларды оқу және жұмыс жасай білуге үйрету.

Мектеп кітапханасында балаларды кітапқа тарту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалады. Мектеп бағдарламасын меңгеру мақсатында әртүрлі білім салалары бойынша ғылыми-көпшілік әдебиеттер мен кітаптарды, атаулы күндер бойынша материалдарды, өлкетану бойынша материалдарды насихаттау жүргізіледі, оқырмандардың кітапқа деген махаббаты тәрбиеленеді, оқу мәдениеті мен кітапхананы пайдалану дағдылары үйретіледі. Қазақстан жазушыларының мұрасын насихаттау үнемі жүргізілді.

Кітапханалық кітап көрмелері

Көрменің мақсаты – оқырмандарды кітап оқуға шақыру, зияткерлік және шығармашылық жұмысқа тарту. Көрменің ерекшелігі басылымдарды көрсету және бейнелеу арқылы тақырып пен кітаптардың өзін балалар үшін түсінікті, тартымды және қызықты ету.



«Кеншілер-Бестөбенің жүрегі» - инсталляция кітап көрмесі. Бұл күн біздің өлкеміздің кәсіби мерекесі. Осыған орай, кеншілер



тарихынан сыр шертетін «Кеншілер – Бестөбенің жүрегі» атты диалог - кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге кеншілердің қажырлы еңбегі, тұрмыс-тіршілігі жайындағы ақын-жазушылардың, журналистердің шығармалары қойылды.

Қорымыздағы ақын-жазушылардың үлкен портреттері кез келген оқу процессіне пайдалануға ыңғайлы, оқырмандарды бірінші күннен бастап кітапқа деген қызығушылықтарын ояту кітапханашының ең басты мақсаты болғандықтан кітапхана қабырғасында 11 бағытта жұмыс жасап, өткізіліп жатқан іс-шаралар жұмысының нәтижесінде кітапхана көрсеткіштері соңғы 3 жылмен салыстырғанда өсуі байқалды.

Мектеп кітапханасында соңғы жылдары оқырмандарға қызмет көрсетудің «жаңа инновациялық технологиялары» ұғымын жиі қолдана бастадық. «Жаңашылдық – бұл ұмытылған ескі дүние» - деген ұғым бар. Жаңа технологияны меңгеру кітапханашының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзіміздің іс шараларымызда мультимедияның мүмкіндіктерін қолдану арқылы оқырмандарды қызықтыра аламыз. Жаңа және заманға сай әдістер үлкен қызығушылықпен және ерекше ықыласпен қабылданады. Кітап оқуға қызығушылығын арттырудың бағытталған заманауи әдіс-жобаларды пайдаланамыз:

«Буккроссинг» акциясы, буккроссинг челленджи үнемі жалғасып жатады. Кітапханалық сабақтарда оқушыларға «буккроссинг» не екенің, оның шығу тарихын айтып отырамыз, көптеген тақырыппен 2023 ;буккроссинг айын де өткіздік. Үйде шаң тозаң болып жатқан кітаптармен бөлісіп, бұрын оқығандарын қайта естеріне түсіріп «Оқып болса, досыңа бер» ұранымен достарымен бөлісіп жатады.



“Оқуға құштар мектеп” аясында қазақ классиктерінің шығармаларын насихаттау мақсатында 7 сынып арасында мектепшілік **Буктрейлер** байқауы өткізілді. Буктрейлер - бұл қандайда көркем шығарма жайында айтылатын шағын бейнетүсірілім. Бұндай түсірілімдердің мақсаты - трейлерлердің сипаты кинофильмдерге жақын, көзбен көру арқылы кітаптарды таныстыру, насихаттау. Оқушылардың биылғы кітапхана қорына, жаңадан келіп түскен С.Мұратбеков “Жусан иісі”, Б.Соқпақбаев “Менің атым Қожа”, Б.Майлин “Шұғаның белгісі”, “Қыз Жібек”, “Нағыз әже қайда” кітаптары бойынша әзірлеген буктрейлерлерін оқырман назарына ұсынамыз.



«**Буклук**» - ағылшын тілінен аударғанда “book”- кітап, “look”- көрініс, көзқарас, осы жерде негізгі элементі кітап болып табылатын камера арқылы түсірілетін композиция



Республика күні қарсаңында, “Балалар кітапханасы” жобасы негізінде мектеп кітапханасында “Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным” атты «**Алтын сақа**» интеллектуалды ойын өткізілді

«Кітап оқу керемет» - «Дауыстап оқу» - руханиятқа талпынысты ояту. Бұл іс-шараның мақсаты - балаларды оқығандарын түсіну үшін мұқият тыңдауға үйрету, олардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Эстафеталық оқу – кез келген жерінде баланы тоқтамыз, келесі бала мұқият тыңдап әрі қарай оқуды жалғастырады.

«Жаңа кітаптар» - оқырман игілігіне. Дәстүрге айналған "жаңа кітаптар" көрмесінің мақсаты: кітапхана пайдаланушыларына жаңа кітаптар туралы ақпараттар беру, жаңа түскен кітаптармен оқырман қауымды таныстырып, кітап оқуға баулу, бос уақыттарын тиімді өткізуге түрткі болу.

Кітапхана онкүндігі өткізу барысында балалар мен жасөспірімдердің арасында кітап оқу мәдениеті мен кітап оқу белсенділігін арттыру, кітап оқу мәртебесін көтеру және отбасылық кітап оқудың дәстүрлерін қолдау болды.

«Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша жарияланған кітапты оқырмандар жақсы көңіл күймен ұарсы алады, әсіресе биылғы жылы Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын сүйсіне оқи бастады.



Облыс төңірегінде өткізілген «**Жақсы кітап-жан азығы**» байқауына қатысып I орынға ие болдым. “Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясындағы “**Оқуға құштар мектеп**” жобасын жүзеге асыру мақсатында өткізілген Степногорск қалалық байқауында Кусаинова Аяла III орынға ие болды. Степногорск қаласында қалалық кітапханашылар байқауына қатысып III орынға ие болдым. **МАС- медиа ақпараттық сауаттылық** «Менің интернеттегі мүмкіндіктерім» кітапханалық практикум сабағы, мақсаты медиа ақпараттық сауаттылық білімдерін, дағдыларын қалыптастыру, жалған ақпаратты шын ақпараттан ажырата білу, интернет қауіпсіздігі туралы білімдерін арттыру, ақпараттық сауаттылық, медиасауаттылық, манипуляция, фейк, спам, фастфуд, жалған ақпарат, ашық дерек көздер ұғымдарымен практикалық жұмыс жасауды үйренді. Кез келген іс-шараны қызықты өткізу үшін қазіргі цифрлық, инновациялық технологияларды меңгеруге тура келеді, бүгінгі күні қолданып жатқан бағдарламаларым: **LearningApps.org, Canva, Wordwall.**

Қазақтың «Үш бәйтерегі»



"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының ұлттық мүдде құндылығын жүзеге асыру мақсатында қазақ халқының "Үш бәйтерегі" – көп ұлтты кеңес әдебиетінің негізін салушы, Қазақстанның қоғамдық тарихында абыройлы орын алатын Сәкен Сейфуллин, Қазақ кеңес әдебиетінің ірге тасын қалаған "алыптар тобындағы" ірі ақын, іргелі прозаик және драматург Бейімбет Майлин, Қазақ кеңес әдебиетінің бастау қайнарында

тұрған құдіретті талант иесі, ақын, драматург, прозаик Ілияс Жансүгіровтің 130жылдығына арналған "Үш бәйтерек-үш алып" тақырыбында 9"А" сынып оқушыларымен ақпараттық-танымдық сағат өтті.

Ашық есік күні: «Білімнің көзі кітапта»

1 қыркүйек Білім күніне орай мектеп кітапханасы жыл сайынғы «Ашық есік күні» мерекесі аясында мектепалды даярлық сыныбына кітапханаға экскурсия өткізді.

Кітапхана есіктері оқырман үшін әрдайым ашық болса да, дәл осы күн әр кітапхана үшін жарқын оқиғаға айналады. Кітапхана қызметкерлері балаларды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылында жоғары жетістіктерге жетулерін тіледі. Балаларға кітапханадағы тәртіп ережелерімен, сондай-ақ абонемент, оқу залы бөлімдері көрсетіліп, «Кел балалар оқулық», «Жаңа әдебиеттер», «Бақытты балалар әлемі» кітап көрмелерімен таныстырылды.



«Жас оқырманды өсіреміз» қыста оқимыз, жазда оқимыз кітапхана бөлімдерімен, қорымен, кітапхана ережелерімен таныстыру мақсатында 1-2 сынып оқушыларымен "Жас оқырманды өсіреміз" оқырмандар қатарына қабылдау шара өткізіліп тұрады.

Тума талант иесі Әбілхан Қастеев



Кітапхана онкүндігі аясында қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі суретші Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығына орай "Тума талант иесі-Әбілхан Қастеев» іс-шараға 5-6 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: Оқушыларды қазақтың саңылақ суретшісі туралы білімдерін толықтырып,

суретшінің қыл қаламынан туған шығармаларын таныстыру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік арттыру. «Әбілхан Қастеев- бейнелеу өнерінің шебері» кітап көрмесі ұсынылды.

Мерзімді басылымдар –мақсаты оқушыларды көптеген қазақ балалар газет-журналдарымен таныстыру, олармен оқу және жұмыс жасай білуге үйрету.



Даналық әліппесі – инновациялық сөйлейтін қалам нұсқаулығымен таныстырылып, оқу құралы өскелең ұрпақты ұлттық дәстүрде тәрбиелей отырып, бала бойына халық даналығын сіңіретін 12 кітаптан тұрады. Әр кітапқа енген құндылықтар арқылы кез келген жеткіншек ана тілінде бесік жырынан бастап, бабалар сөзіне дейін халықтық туындыларды оқумен қатар электрондық дыбыстау ұралдары арқылы тыңдай алады.

«Мысылдар хақында бір сөз» - іс-шарада Иван Крыловтың мысалдар жанры туралы түсініктерін және ерекшеліктерін қалыптастырып талдадық.



Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының 30 жылдығына арналған “Теңге - мемлекет келбеті” атты сайыс сабақ 9 сыныптармен өткізілді.



МАС- медиа ақпараттық сауаттылық «Менің интернеттегі мүмкіндіктерім»

кітапханалық практикум сабағы, мақсаты медиа ақпараттық сауаттылық білімдерін, дағдыларын қалыптастыру, жалған ақпаратты шын ақпараттан ажырата білу, Интернет қауіпсіздігі туралы білімдерін арттыру, ақпараттық сауаттылық, медиасауаттылық, манипуляция, фейк, спам, фастфуд, жалған ақпарат, ашық дерек көздер ұғымдарымен практикалық жұмыс жасалды.



«Әдеби кейіпкерлерінің шеруі»

«Бір ел –бір кітап» акциясы аясында «Менің атым Қожа» монологын жатқа оқу, 6 «А» сынып оқушысы Қайырбек Фархад.





Отбасылық оқу - Оқу жылы ашық есік күнінен басталды, 1-2 сыныптар кітапханалық саяхатқа шығып, ертегілер әлемімен танысты. Жаңа кітаптарға қорға түскен сайын шолу жасалды. Қыркүйек айында 5-6 сынып оқушылары мен ата-аналар арасында “Біздің оқырман отбасы” әдеби отбасылық квест өткізілді 5 отбасы қатысты. Әдеби квесттің

бағыты әртүрлі болды: Туған жерге туыңді тік, мерзімді басылымдармен танысайық, Поэзия сен менімен егіз бе едің?, №4. Жаңа кітаптар, энциклопедиялар, сөздіктер, тілімізді құрметтейік, аталар сөзі, салт-дәстүр, халық-ауыз әдебиеті, QR, пазлдарды жинайық. Ойын қатысушыларды жаңа және қызықты кітаптармен таныстырып қана қоймай, есте сақтау, назар аудару, зейінділік, логикалық ойлау икемділіктерін дамытуға да мүмкіндік берді. Ойын тапсырмалары қатысушылардың қарым-қатынасының дамуына ықпал ететін көптеген жағымды және қуанышты эмоциялар туғызды. Кітап сөрелеріндегі белгілерді тауып және әртүрлі тапсырмаларды орындап, кітапхана бойынша саяхат жасады.

Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобасы негізінде **«Бар байлықтың бастауы – нан»** 3 «Ә» сыныбымен өткізілді.

Адамгершілік сабағының мақсаты оқушыларды нанды қадірлеп, қастерлеуге үйрету, дастарханға қалай келетінің айтып, оған көптеген адамдар еңбек ететіндігін түсіндіру. Шара

барысында «Нан туралы аңызды» талдап, «Нан қайдан шығады» ертегісін сомдап, сұрақ-жауапқа қатысып, мақал-мәтелдер, жұмбақтар шешіп, «Бір үзім нан» ертегісін көріп, қазақ халқы нанды “Ас атасы” деп құрмет тұтып әрдайым нанды қадірлеп, қастерлеп, бір бөлке нанның артында мыңдаған адамның маңдай тері тұрғанын, «Нанды аяққа баспа, жерге тастама, киесі атады» деген ой түйді деген ойдамыз. Оқушылар үйлерінен ұннан жасап әкелген ақ нан, қара нан, бауырсақ, самса, құймақ, бәліш, пирог, чебурек тағамдарымен таныстырып, қысқаша дайындау жолдарын айтып өтті.





«Менің атым Қожа» кітапханалық сабақ – б «Ә» сыныбымен “Бір ел-бір кітап” акциясы “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында балалар әдебиетінің негізін салған, балаларға арнап шығармалар жазған ақын-жазушы “Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына” орай б “Ә” сыныбымен “Менің атым-Қожа”

кітапханалық сабақ өтті. Шығарма паспорты, құпия қобдиша, бейнесұрақ, Қожаға хат тапсырмалары орындалды, Қожа монологы оқылды, соңында кітап көрмесіне шолу жасалды.

Республикалық челлендж Абай Құнанбаевтің қара сөздерін оқимыз



Оқулыққа ұзақ өмір – оқулықтардың сапасын тексеру рейд. Рейд тексеріс кезінде кітапханашы мен Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері мектеп бойынша барлық сыныптарды аралап, оқулықтарды тексеріп өтті. Сабақта оқулықтардың болуы, мұқабаның болуы, сондай-ақ оқулықтардың сыртқы түрі тексерілді. Оқулықтары, мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін кітап иелері, білім алушыларға "мектеп оқулығына ұқыпты қарау туралы", "оқулықты сақта", "оқулықты ұзақ ұстау" нұсқаулықтар жүргізіліп, мектеп кітапханасынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды бүлдіргені және жоғалғаны үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салынды.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында қыста, көктемде, күзде, жазда оқимыз акциясы өткізіледі.

Кітапханашы Кусаинова Гульназ Папашевна